

ӘДІСТЕМЕЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

«Жаңартылған білім беру мазмұны – оқытушының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру негізі»



«Жаңартылған білім беру аясындағы өткізген сабақтың тиімділігі»

Бүгінгі күні жаңартылған бағдарлама бойынша өз білімін жетілдіру – әр ұстаздың басты мақсаты болып отыр. Әр мұғалім осы жаңартылған білім беру аясында жасалынған нормативтік құжаттар мен бағдарламалар және әдістемелік құралдармен танысып, өз сабағына қалай қолдану қажеттігі жайлы мағлұмат алып, өзара тәжірибе алмасуы керек. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ – ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылатындығына толық көз жеткіздік.

Бұл бағдарламаның дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі: Пән мазмұнының спиральді қағидатпен берілуі. Яғни пән мазмұны қарапайымнан күрделенуі. Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы: Бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі. Оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру; Оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру. Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою. Жаңартылған білім берудің тағы да бір ерекшелігі – оқушылардың үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білуі.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс – тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына XXI ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
Шотанова Алия Наурызбаевна



Жаңартылған білім беру мазмұны – оқытушының кәсіби құзыреттілігін жетілдіру негізі.

Қазақстанда орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберіндегі білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына елеулі өзгерістер енгізілуде. Жаһандану заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілеті мен белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, өмірде оны қолдана білуге бағыттау – ұстаздың басты міндеті болуымен қатар, оларға жүктелер жауапкершілік жүгін де еселейді. Өйткені, сапалы білім мен кәсіби білікті мамансыз бәсекеге қабілетті өскелең ұрпақты тәрбиелеу мүмкін емес.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша өткізіліп жатқан барлық курстарда сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың тәсілдері, сыни ойлауды оқу және жазу арқылы дамытудың стратегиялары, жобалау әдісі, өз пікірін жазбаша рәсімдеу (мақала, эссе, комментарий беру және т.б.) әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылады. Аталған бағдарлама бойынша жүргізілген курстарда тыңдаушылардың бойында тілдік дағдыларды қалыптастырудың, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру мен инновациялық технологияларды меңгеріп, оны тиімді қолдана білудің маңызы зор.

Қазіргі кезде білім беру 21-ғасырдың өмір талаптарына сай балаларды сапалы даярлауға бағытталған. Демек, білім беру жүйесінің түлегі қызметтік жағынан функционалды сауатты болумен қатар кез келген өмірлік мәселені шешу барысында, қойылған мақсатқа жету үшін құрал, әдіс пен жол таңдауда рухани және адамгершілік қуатын көрсетуге қабілетті болуы тиіс.

Жаңа мазмұндағы білім беруде оқытушы мен оқушы үшін ортақ мақсат көзделеді:

- жеке және топтық жұмысты тиімді ұйымдастырудың негізі ретінде жас ерекшелігі мүмкіндіктеріне сай ақпаратты іздеу, сараптау және талдау дағдыларын дамыту;
- адам, табиғат және қоғам туралы алғашқы білімін қалыптастыру;
- рухани-адамгершілік құндылықты дамыту;
- оқудың функционалды дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу, жазу, өз ойын логикалық тұрғыда жеткізе білу, себеп-салдар байланысын орнату. Жаңартылған білім беру бағдарламалары құзыреттілік әрекетке бағытталған. Яғни, оқушылардың табысты әлеуметтенуіне қажеттілік үшін салынған функционалды сауаттылық негізінде құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Егер болашақ педагогтің құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды, мүмкіншілігі, яғни бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Біз қазіргі уақытта кәсіби құзыреттілікті коммуникативтік, ақпараттық, регулятивтік, интеллектуалдық-педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырамыз.

Жаңартылған бағдарлама бойынша жүргізілген курста дәріс, практикалық жұмыста оқытушылар жаңартылған білім беру бағдарламасының түйінді идеяларын түсініп, тың тәсілдермен таныса алды. Топтық жұмыстың да мән-мағынасын тез ұғып, жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болатынын білді. Жұмыс түрлерін атап өтсем: «Топтастыру», «Ойлан, жұптас, бөліс», «Ақпаратты жаңғырту», «Сұрақ-жауап», «Өз миыңды сал», «Стоп-сұрақ» стратегияларын тиімді қолдану арқылы оқушылардың білімдерін бекітіп, білім деңгейін күнде бақылап, бағдарламаның түйінді идеясын барлық оқушылардың санасына сіңіруге болады деген ойдамын.

Қазақ тілі пәнінің оқытушысы Мукашева Ә.М.

Филологиялық
пәндер комиссиясы